<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазіргі қазақ және орыс тілдерінің арнайы теориялық және практикалық кешенін; сөз тіркесі мен сөйлемдерді лингвистикалық талдаудың барлық түрлерімен танысады; - өзінің оқытушылық қызметінде әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар әдістемелерін қолданады; Отандық және шетел авторлар еңбектерін салыстырады; орыс және қазақ сөйлемдерін салыстыруда тірек ұқсастықтарды сол ұқсастықтар мен айырмашылықтардың болу себептері мен заңдылықтарын анықтайды, тілдердің әртүрлі сөз бөліктерін меңгереді, сонымен қатар салыстырмалы тілдердің тілдің көріністегі ұқсас және айырым белгілерін меңгереді; - Қазақ және орыс тілдерін фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік тұрғыдан талдайды, түрлі мәтіндермен жұмыс жасайды; аударма кезінде керек болатын компьютерлік бағдарламаларды меңгереді; тілдердің артикуляциялық ерекшеліктерін игереді; - орыс және қазақ тілдерінің морфологиялық жүйесі мен лексикалық мінездемесін салыстыра алады.
Пререквизиттері / Пререквизиты
Нормативтік қазақ тілі
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса
<p>Модуль 1. Фонетика. Қазақ және орыс тілдеріндегі дыбыстардың жіктелуі. Консонантизмдер. Буын. Тасымал. Фонемалардың алмасуы.</p> <p>Модуль 2. Грамматика. Қазақ және орыс тілдерінің морфологиясы. Зат есім. Сын есім. Сан есім. Есімдік. Етістік.</p>
Постреквизиттері / Постреквизиты
Аударманың теориясы мен практикасы
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы
Тасмағамбетова З.Ж.

Қазақ тілінің тарихи грамматикасы / Историческая грамматика казахского языка / Historical grammar of the Kazakh language

Оқу мақсаты / Учебная цель

Қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық өзгерістердің рөлін, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесі мен оның теориялық номинациялық қисындарын, грамматикалық құрылымындағы тұлғалық және қызметтік, мағыналық өзгерістердің себебі мен салдарын, сөз және сөйлем құрылымының күрделену сипатын т.б. ғылыми негіздерін кешенді түрде оқыту.

Оқыту нәтижесі / Результаты обучения

Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:

- қазақ тілінің тарихи грамматикасының лексикасын, фонетикасын, грамматикасын біледі;
- қазақ тіліндегі сөздердің шығу тарихын, түрлену жүйесін, фонетикалық, лексикалық ерекшеліктерін қарастырады;
- тарихи мәтіндерге грамматикалық, морфологиялық және фонетикалық талдаулар жасайды;
- кәсіби ортада өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра біледі.

Пререквизиттері / Пререквизиты

Түркі филологиясына кіріспе

Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса

Қазақ тілінің тарихы: лексикология, фонетика, сөзжасам. Қазақ тілінің тарихи дамуы, зерттелуі. Тарихи лексикология. Тарихи фонетика. Тарихи сөзжасам. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: морфология, синтаксис. Тарихи морфология. Тарихи синтаксис. Жай сөйлемнің дамуы. Құрмалас сөйлем.

Постреквизиттері / Постреквизиты

Қазақ тілінің фразеологиясы

Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы

Оразбаева А.С.

Аударманың теориясы мен практикасы/ Теория и практика перевода/ Theory and Practice of Translation
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>
Аударматану ғылымының теориялық мәселелері, аударма жасаудың техникасы, әдіс-тәсілдері мен аудармаға және аудармашыға қойылатын талаптар, аударма саласының жанрлық түрлері, қазақ ісқағаздары және олардың аударылуы, термин және терминология мәселелерін қарастыру.
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>
Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар: <ul style="list-style-type: none"> - Аударма кезінде білім алушылар сөздің мағынасын түсініп, лексика және грамматикалық талаптарды, ұғымдар мен категорияларды жан-жақты терең қамти біледі; - Балама аударма, тура аударма, жалпылама аударма сияқты түрлерін меңгереді; - Аударма жасауда сөздікпен жұмыс жасауды игереді; - Аударма жұмысында теориялық білімді практикалық негізде жүйелі пайдалана алады.
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>
Салғастырмалы грамматика
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>
Аударманың зерттелуі. Аударманың жалпы лексикологиялық белгілері. Аудармадағы лексикалық вариант түсінігі. Ауызша және жазбаша аударма түрлері. Адекватты аударма ерекшелігі. Сөз мағынасының аударма процесінде берілуі. Эквивалентсіз құбылыс, белгілері, берілу жолдары. Реалия-сөздер, топталуы, Реалия-зат, реалия-термин түсінігі. Аудармадағы тұрақты тіркестердің ерекшелігі. Аудармадағы грамматикалық айырым. Аударма процесінде қолданылатын бірліктер, түрлері, ерекшелігі. Аударма трансформациялары, олардың негізгі типтері, берілу жолдары. Аударма трансформациясының тіл, норма жүйесіне қатыстылығы.
<i>Постреквизиттері / Постреквизиты</i>
Ілеспе аударма негіздері
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>
Тасмағамбетова З.Ж.

<i>Қазақ тілінің фразеологиясы / Фразеология казахского языка / Phraseology of Kazakh language</i>
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>
Сөздердің, күрделі сөздердің мағынасы мен шығу төркіні жөнінде, тұрақты тіркестердің, оның ішінде фразеологизмдердің құрамы мен құрылысы, өзіндік белгілері, даму тарихы жөнінде, олардың стильдік мәні мен сипаты жайында, қолдану қабілеттілігі, сөздік құрам жайында мағлұмат беру.
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Мағынаның ара жігін, фразеологизмдердің өзіне тән белгілерін, тұлғалық, мағыналық ерекшеліктерін, фразеологизмдердің түрлерін, фразеологизмдердің құрамы мен құрылысын біліп шығады; - Берілген мәтіннен фразеологизмдерді тауып, олардың өзіндік ерекшеліктерін түсіндіріп бере алуды; - Фразеологизмдердің лексикалық, стильдік қолданысын түсінуді, кәсіби қызметінде міндеттер қою және оны шешудің дұрыс жолын таңдай біледі; - Оқу-кәсіби міндеттерін шешу үшін ғылыми ақпаратты жинауда және талдауда заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану мәселелерінде, заманауи компьютерлік технологияларды, интерактивті оқыту әдестерін пайдалана отырып, орта оқу орындарында қазақ тілі фразеологиясын оқытудың кәсіби-практикалық танымын және дағдыларын қалыптастыра алады.
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>
Қазақ тілінің тарихи грамматикасы
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>
Фразеологизмдердің теориялық негізі. Тұрақты тіркестер. Фразеологизмдердің зерттелуі. Фразеологизмдерге ұйытқы сөздер. Фразеологизмдер топтау мәселесі. Фразеологиялық норма және одан мақсатты ауытқудың түрлері. Көркем шығарма тіліндегі тұрақты тіркестер. Фразеологизмдердің плеонастикалық, эллипсистік тәсілімен жұмсалыу ерекшелігі. Авторлық қолданыстағы тұрақты оралымдар. Тұрақты тіркестердің функционалды стиль түрлерінде қолданылуы. Сөйлеу тілі реңкіндегі фразеологизмдер. Стильдік контраст – кейіпкер тілін даралаудың бір тәсілі. Кітаби тіл реңкіндегі лексика-фразеологиялық бірліктер. Фразеологизмдердің стилистикалық қызметі. Бейтарап қолданылатын фразеологизмдер.
<i>Постреквизиттері / Постреквизиты</i>
Аудармашы жұмысындағы Интернет-технологиялар
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>
Кушкинбаева К.Т.

<i>Корпустық лингвистика / Корпусная лингвистика/Corpus linguistics</i>
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>
Білімалушыларға зерттелетін тілдік құбылыстарды талдауға ғылыми-бағдарлы көзқарасты қалыптастыру, оларды корпус лингвистикасының келешегі зор ғылыми бағыттарымен таныстыру.
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>
Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар: - қазақ тілінің ұлттық корусының жалпы сипаттамасы туралы түсінік қалыптастырады; - ұлттық корпусты іс жүзінде қолданудың дағдысын меңгереді; - корпустық лингвистиканың ғылыми негіздемесін біледі; - оқу процесінде корпустық технологияны қолдана алады.
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>
Ғылыми шығармашылық технологиялары
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>
Қолданбалы тіл білімінің мәселелер мен перспективалары. Қазіргі корпустық лингвистиканың даму бағыттары Әлемдегі қолданыстағы іргелі мәтіндік корпустарға шолу. Қазіргі тілдік корпустардың типологиясы. Лингвистикалық корпустарды білім беруде қолдану тиімділігі. Замануи корпустық лингвистиканы оқыту үрдісіндегі перспективасы. Корпусты құрастыру процесінің кезеңдері. Мәтіндік корпустар мазмұндық құрылымына қойылатын талаптар. Қазақ тілінің ұлттық корпусы мазмұнының қалыптастыру принциптерінің әдістемелік моделі.
<i>Постреквизиттері / Постреквизиты</i>
Копирайтинг негіздері, Функционалдық стилистика
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>
Досова А.Т.

<i>Спичрайтинг негіздері/ Основы спичрайтинга/ Speechwriting Basics</i>
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>
Спичрайтер қызметінің негіздерін және ауызша көпшілік алдында сөйлеу үшін мәтіндерді дайындау мен жазудың PR - технологияларын игеру.
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық тұрғыдан дұрыс, дәлелді және нақты құра алады; - ғаламдық компьютерлік желілерде ақпаратпен жұмыс істей алады; - қазіргі ақпараттық заман дамуындағы ақпараттың мәні мен маңызын түсіну қабілетіне ие болады; - осы процесте туындайтын қауіптер мен қатерлерді түсінуді, ақпараттық қауіпсіздіктің, оның ішінде мемлекеттік құпияны қорғаудың негізгі талаптарын сақтауды үйренеді; - мәтіндік және аудиовизуалды ақпараттық материалдарды дайындау қабілетіне ие болады.
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>
Ғылыми шығармашылық технологиясы
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>
Кіріспе. Спичрайтинг PR-технология және мамандық ретінде. Пәннің негізгі түсініктері. Көпшілік алдында сөйлеуге дайындық. Көпшілік алдында сөйлеу типологиясы. Көпшілік алдында сөз сөйлеуді дайындау кезінде аудиторияның ерекшеліктерін ескеру. Көпшілік алдында сөз сөйлеу мәтінін жазу. Ауызша көпшілік алдында сөйлеуді ұйымдастыру.
<i>Постреквизиттері / Постреквизиты</i>
Іскерлік риторика
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>
Досова А.Т.

3 4 курс студенттеріне арналған элективтік пәндер

Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі / Синтаксис сложного предложения современного казахского языка / Complex sentence of modern Kazakh

Оқу мақсаты / Учебная цель

Қазақ тілінің грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізде таныту, құрмалас сөйлемдердің түрлерін оқыту және олардың құрмаласуының амал-тәсілдерін үйрету.

Оқыту нәтижесі / Результаты обучения

Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:

- құрмалас сөйлем түрлерін ажыратып, құрмалас сөйлемнің құрылымдық элементтерін құрмалас сөйлем материалдары негізінде бағдарлайды;
- құрмалас сөйлемдердің синтаксистік жүйесін, құрмалас сөйлемнің құрылымдық сипаты мен мағыналық түрлерін ғылыми-практикалық тұрғыда меңгереді;
- теориялық білімді практикамен ұштастырып, тіл фактілерін нақты танып, оларды кәсіби және коммуникативті мақсатта қолданады;
- мәтін құрамындағы құрмалас сөйлемдерге синтаксистік талдау жасайды.

Пререквизиттері / Пререквизиты

Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі

Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса

Құрмалас сөйлем. Құрмалас сөйлемнің грамматикалық белгілері. Құрмалас сөйлемдердің алғашқы түрлері. Жай сөйлемдерді салаластырушы және сабақтастырушы амал-тәсілдер. Салалас құрмалас сөйлемдер. Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Аралас құрмалас сөйлемдер. Көп компонентті құрмалас сөйлемдер.

Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы

Оразбаева А.С.

***Құрмалас сөйлем синтаксисінің практикумы / Практикум синтаксиса
сложного предложения/Practical sentence syntax***

Оқу мақсаты / Учебная цель

Білімалушылардың құрмалас сөйлем синтаксисі бойынша теориялық білімдерін практикалық жұмыстардың түрлері арқылы бекіте отырып, құрмалас сөйлемдердің түрлеріне қарай талдау дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижесі / Результаты обучения

Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:

- білім алушылар қазақ тілінің грамматикалық құрылымын, құрмалас сөйлемдерді топтастыру принциптерін біледі;
- құрмалас сөйлемдердің түрлеріне қарай синтаксистік ерекшеліктерін ажыратып, синтаксистік талдау жасайды;
- практикалық және пәнаралық жобалармен жұмыс істеуге бейімделіп, мамандық бойынша өз еңбегін практикалық тұрғыда ұйымдастыра отырып, кәсіби ортада ғылыми-практикалық біліктілік дағдыларын сапалы ұсына алады.

Пререквизиттері / Пререквизиты

Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі

Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса

Бұл пән бойынша құрмалас сөйлемдердің теориялық мәселелері практикалық тұрғыда қарастырылады. Құрмалас сөйлем синтаксисі. Құрмалас сөйлемдердің салалас, сабақтас болып топтасу принциптері. Жай сөйлемнің бір-бірімен құрмаласу тәсілдері. Салалас құрмалас сөйлемдер. Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Аралас құрмалас сөйлемдер. Көп компонентті құрмалас сөйлемдер.

Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы

Оразбаева А.С.

<i>Копирайтинг негіздері/ Основы копирайтинга / Copywriting Basics</i>
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>
Білім алушыларды жарнамалық, ақпараттық, презентациялық және басқа мәтіндерді құруға және орналастыруға үйрету. Мазмұнды құру және орналастыру стратегиясын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру, әр түрлі жарнамалық арналар үшін лендингтер және мәтіндер жасау, мәтіндерді қолдана отырып, брендтер мәселесін шешу.
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>
Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар: - копирайтинг негіздерін біледі; - жарнамалық мәтіндерді құрастыра алады; - жарнамалық мәтіндердің түрін ажырата алады; - мультимедиялық орта жағдайындағы жұмыстың ерекшелігін түсінеді; - түрлі белгілік жүйелерде (ауызша, аудио-, бейне-, графика, анимация) медиа өнімді дайындау әдістері мен технологияларын меңгеру қабілетіне ие болады.
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>
Корпустық лингвистика
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>
Копирайтинг тарихы. Мәні, міндеттері мен функциялары. Жарнамалық мәтінді құру процесі. Ақпарат жинау. Жарнамалық мәтіндердің ерекшеліктері. Әр түрлі БАҚ үшін жарнамалық мәтіннің ерекшелігі. Жарнамалық мәтіндегі пайда. Жарнама стратегиясы. Жарнама идеясы.
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>
Досова А.Т.

<i>Іскерлік риторика/ Деловая риторика/ Business rhetoric</i>
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>
Білім алушыларды заманауи риторикамен тиімді сөйлеу қарым-қатынасы туралы ғылым ретінде таныстыру, практикалық риторикалық дайындықты қамтамасыз ету, сөйлеу шеберлігінің негізін қалау, кәсіби қарым-қатынастың өзекті жағдайларында тиімді сөйлеу мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - риториканың негізгі ұғымдарын, атап айтқанда, іскерлік риториканы, риторикалық тектер мен жанрларды, сөз сөйлеуге дайындық кезеңдерін, спикерлердің түрлерін және заманауи спикерге қойылатын талаптарды, іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктерін біледі; - ғылыми және анықтамалық әдебиеттерді, библиографиялық дереккөздерді және заманауи іздеу жүйелерін пайдалана алады; - риторикалық талдау әдістемесін қолданады, кәсіби маңызды риторикалық жағдайларда сөйлеу шеберлігінің негіздерін қолданады; - іскерлік қарым-қатынастың өзекті жағдайларында тиімді сөйлеу мінез-құлық дағдыларын қолданады; - қазіргі риторикада қабылданған ұғымдар мен терминдердің жиынтығын, көпшілік алдында сөйлеу, іскерлік қарым-қатынас дағдыларын игереді.
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>
Спичрайтинг негіздері
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>
Сөйлеу оқиғасы және оның компоненттері. Сөйлеу мінез-құлқының ағымы және сөйлеу жағдайы. Коммуниканттар (адресант және адресат, алушы және жіберуші). Коммуниканттардың тұрақты және ситуациялық рөлдері. Көпшілік алдында сөйлеу шеберлігінің негіздері. Сөйлеушінің адамгершілік парызы. Ритордың бейнесі (сөйлеушінің факторы). Іскерлік қызметтегі коммуникативтілік. Аудиторияның назарын басқарудың жалпы принциптері. Іскер адамның сөйлеу техникасы. Көпшілік (іскерлік) сөйлеудің түрлері мен жанрлары. Сөйлеу мәнері (элокация). Троптар (метафора, метонимия, ирония, парадокс, тұспал). Фигуралар (антитеза, градация, қайталау).
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>
Досова А.Т.

<i>Құжаттаманы басқару негіздері / Основы управления документацией / Fundamentals of Document Management</i>
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>
Білім алушыларда құжаттарды басқару дағдыларын қалыптастыру, іскерлік (басқарушылық) операцияларды жүргізуді дәлелдеу мақсатында ұйымдарда құжаттарды жасау, пайдалану, сақтау және жою бойынша жоспарлы және тиімді іс-қимылдарға үйрету.
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>
Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар: - құжаттаманы классификациялау және сәйкестендіру тәсілдеріне ие болады; - мекеменің, ұйымның нормативтік-анықтамалық құжаттамасын әзірлеу және бекіту тәртібін біледі; - нормативтік-анықтамалық құжаттаманы өзектендіруге, өзгерістер енгізуге және қайта бекітуге қойылатын талаптарды біледі; - құжаттардың тиісті редакцияларын оларды қолдану орындарында қамтамасыз ету және ескірген құжаттарды абайсызда пайдаланудың алдын алу жүйесін біледі.
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>
Ғылыми шығармашылық технологиясы
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>
Нормативтік-анықтамалық құжаттарды сәйкестендіру. Нормативтік-анықтамалық құжаттардың, лауазымдық нұсқаулықтардың және бөлімшелердің ережелерінің құрылымына қойылатын талаптар. Құжаттардың мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талаптар. Основные этапы разработки нормативно-справочных документов. Құжаттарды қолданысқа енгізу. Құжаттарды талдау және өзектендіру. Құжаттарға өзгерістер енгізу тәртібі.
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>
Досова А.Т.

Латын негізді қазақ әліпбиі/ Казахский алфавит на основе латинской графики /Kazakh alphabet based on latin graphics

Оқу мақсаты / Учебная цель

Қазақ тілінің жалпыға ортақ, міндетті емле ережелерімен бекітілген заңнамалық нормаларына сәйкес тіл дыбыстары мен олардың орфографиялық, орфоэпиялық, жазу, айту, оқу, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

Оқыту нәтижесі / Результаты обучения

Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:

- қазақ жазуының латын әліпбиіне өту шешімінің тарихи негіздемесі, жазудың ұлттың бірегейлікті, бұқаралық сананы қалыптастырудағы қызметі мен маңызы, тілдің жазба түрі мен ауызша түрінің айырмашылығы туралы іргелі, қолданбалы білім алады;
- жазу мәдениеті мен емле сауаты мамандардың жоғары біліктілігінің көрсеткіші болатыны, қазақ тілінде жаңа графикамен жазу және ісқағаздарды жаңа емлемен жүргізу мемлекеттік тілдің мәртебесін бекітетіні және қазақтілді тұлғаның беделін арттыратыны туралы идеялармен қаруланады;
- жаңа қазақ әліпбиінің графикасы мен құрамы және әріп-фонема арақатынасы, жаңа қазақ әліпбиі таңдалуының қысқаша тарихы, қазіргі айтылым нормалары мен жазудың арақатынасы туралы жаңа білімдер алады;
- қазақ тілі емле ережелерінің басты және қосалқы ғылыми ұстанымдары, қазақ емлесіндегі дәстүр мен жаңашылдық; қазақ тілі емлесіндегі жаңалықтардың лингвистикалық негіздері туралы білімдерін арттырады;
- жаңа емле ережесіндегі негізгі нормалармен танысады, емлесі қиын сөздердің емле уәжін меңгереді, оны үйретудің әдіс-тәсілдерін жинақтайды, тақырып бойынша сабақ беріп үйренеді;
- тақырыптарды жеңіл, тез меңгертудің әдіс-тәсілдерін меңгереді;
- ІТ құрылғыларын қолданып, компьютер тақтасында жазуға, теруге дағдыланады.

Пререквизиттері / Пререквизиты

Білім берудің инновациялық технологиялары

Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса

Қазақ жазуының латын әліпбиіне өту шешімінің тарихи негіздемесі, жазудың ұлттың бірегейлікті, бұқаралық сананы қалыптастырудағы қызметі мен маңызы, тілдің жазба түрі мен ауызша түрінің айырмашылығы. Жаңа қазақ әліпбиінің графикасы мен құрамы және әріп-фонема арақатынасы, жаңа қазақ әліпбиі таңдалуының қысқаша тарихы, қазіргі айтылым нормалары мен жазудың арақатынасы. Жаңа әліпбиге негізделген емле ережесіндегі тараулар, параграфтар, ескертулер.

Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы

Тулегенова Ш.И.

<i>Функционалдық стилистика/ Функциональная стилистика/ Functional stylistic</i>
<i>Оқу мақсаты / Учебная цель</i>
Стилистиканың негізгі мәселелерімен, стильдерді тілдік ұйымдастыруымен, тілдік құралдарды сөйлеуде қолдану заңдылықтарымен таныстыру, сонымен қатар, дұрыс мәдениетті сөйлеу негіздерін қалыптастыру.
<i>Оқыту нәтижесі / Результаты обучения</i>
Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар: - Стилистика және сөйлеу мәдениетін толық біле алады; - Пәндегі ұғымдар мен категорияларды және эстетика қағидаларын меңгереді; - Өз ойын еркін жеткізіп, мәдениетті, сауатты, әдеби тілде сөйлеуді игереді; - Лирика, сатира, философия, сын туралы өз ойын еркін білдіре алады.
<i>Пререквизиттері / Пререквизиты</i>
Корпустық лингвистика
<i>Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса</i>
Кіріспе. Стилистиканың зерттейтін мәселелері. Функционалдық стилистика. Стилистика ғылымының ұғымдары. мен категориялары туралы. Стилистикалық коннотация. Функциональдық стилистика. Ауызекі сөйлеу тілі. Ресми стиль. Ғылыми стиль. Публицистикалық стиль. Көркем әдебиет стилі (тілі). Тіл ярустары лингвистикасы. Грамматикалық стилистика. Безендіру стилистикасы.
<i>Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы</i>
Кушкинбаева К.Т.

*Қазақ әдеби тілінің тарихы / История казахского литературного языка /
History of the Kazakh Literary Language*

Оқу мақсаты / Учебная цель

Курс түгелдей алғанда бүгінгі күні жалпы халық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің (ауызекі, жазба варианттарының) фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізде танытуды мақсат етеді. Өткен ғасырдағы ғылым мен мәдениет салаларында етек жайған ақтандақтардың орнын толтыруға, халықтың шынайы рухани мұрасын сын көзбен қайта ой елегінен өткізіп, өзіне қайтаруға жағдай жасады. Көптеген жылдар бойы ұмыт болған жазушылар, ақындар, философтар, тарихшылар шығармашылығына әділ баға беріліп, бұрын «тыйым» салынған бір қатар мәселелер өзекті деп танылды.

Оқыту нәтижесі / Результаты обучения

Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар:

- ақын-жазушылардың шығармаларын толықтай біліп, қай ғасырға жататынын ажыратып, пәндегі ұғымдар мен категорияларды эстетика қағидаларымен танысады;
- тарихи әдеби процестердің негізгі ерекшеліктерін, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерін, алдағы міндеттерін талдай алады;
- осы пәнде оқытылған барлық тақырыптарды толық зерттеп, ойын дәлелді, жан-жақты талдаулармен жеткізе біледі.

Пререквизиттері / Пререквизиты

Корпустық лингвистика

Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса

Қазақ халқының рухани өмірінің көрінісі боп саналатын әр кездердегі әр алуан дәрежедегі, әр түрлі жағдайда сөз ұстаған арқалы ақындары мен тереңнен толғайтын абыз-жырауларының шығармашылық болмысы турасында белгілі бір жүйеге түскен сындарлы ұғым, білім қорын қалыптастыру. Халықтың ауыз әдебиеті мен жеке авторлар шығармашылығының рухани үндестік табуы арқылы жасалған асыл қазына – ұлт әдебиетінің нәрлілігі мен әрлілігіне тұщындыру арқылы, олардың туған ұлтына деген мақтаныш сезіміне дем беру, сол арқылы студенттердің санасын сәулелендіру.

Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы

Тулегенова Ш.И.

<i>Аудармашы жұмысындағы Интернет-технология / Интернет - технологии в работе переводчика / The Internet - technologies in work of the translator</i>
Оқу мақсаты / Учебная цель
Аудармашылардың жұмысын оңтайландыру үшін қажетті қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерімен меңгеру
Оқыту нәтижесі / Результаты обучения
<p>Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақпараттық технологиялардың негізгі компоненттерін, IT-ны аудару үдерісіне енгізу кезеңдерін, аударма тәжірибесіндегі олардың орнын біледі; - кәсіби аудармаға қойылатын талаптармен, машина аудармасының негізімен, терминологиялық деректер базасын құрастыру әдістерімен танысады; - нақты аударма тапсырмаларын шешу үшін аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалануды үйренеді; - мәтінді аудару саласындағы ақпараттық технологияларды игереді, электрондық сөздіктермен жұмыс істеу дағдыларын, энциклопедиялық және анықтамалық жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады; - қазіргі заманғы ақпараттық және библиографиялық мәдениеттің негіздерін меңгереді.
Пререквизиттер / Пререквизиты
Қазақ тілінің фразеологиясы
Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса
Аудармашы ақпараттық-коммуникативтік кеңістіктегі қызмет субъектісі және объектісі ретінде. Тәжірибе-аудармашының кәсіби өсу мүмкіндігі ретінде ақпараттық-коммуникативтік және коммуникациялық технологиялар. Аудармашы мен ақпараттық технологиялардың тәжірибелік қызметінде шешім ретінде тривиалды емес міндеттер. Ақпараттық-коммуникациялық ортадағы қызмет ретіндегі аударма. Антиплагиат жүйесінде жұмыс мәтінінің бірегейлігін тексеру және жоғарылату.
Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы
Тасмағамбетова З.Ж.

*Ілеспе аударма негіздері / Основы синхронного перевода/
Basics of simultaneous translation*

Оқу мақсаты / Учебная цель

Келіссөздерді, конференцияларды, халықаралық іс-шараларды аудару процесін жүзеге асыруда, ілеспе аудару шеберліктерін қалыптастыру мен аудармашының кәсіби этикасы және халықаралық сөйлеу этикеті ережелерімен таныстыру болып табылады.

Оқыту нәтижесі / Результаты обучения

Курсты сәтті аяқтағаннан кейін білімалушылар

- ілеспе аударманың Қазақстанда пайда болу тарихын; ілеспе аударманың ерекшеліктерін; ілеспе аударма технологиясын; ілеспе аудармада қолданылатын тәсілдерді біледі;
- ілеспе аударманың практикалық дағдыларын және ілеспе аударма техникалық жабдықтарымен жұмыс жасау дағдыларын меңгереді;
- ілеспе аударманың жазбаша, ізбе-із аудармадан айырмашылығын, сөйлеу этикетін, аудармашының өзін-өзі ұстауын, моральдық нормаларын игереді;
- теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыра отыра ілеспе аударманы жүзеге асыра алады.

Пререквизиттер / Пререквизиты

Аударманың теориясы мен практикасы

Курстың қысқаша мазмұны / Краткое содержание курса

Ілеспе аударманың қиыншылықтары мен ерекшеліктері. Ілеспе аударма аппаратурасымен жұмыс жасау әдістері. Ілеспе аудармашы стратегиясы мен тактикасы. Ілеспе аударма дағдыларын қалыптастыру. Парақтан аудару. Абзақты-фразалық аудару. «Сыбырлау» техникасы. Қателерді талдау. Ілеспе аударма дағдыларын пысықтау ерекшеліктері.

Бағдарлама жетекшісі / Руководитель программы

Тасмағамбетова З.Ж.